

**ОҢТНСТІК АЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАУПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ЯДРОЛЫҚ САЛАДАҒЫ МҢДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**

Алпысбаева Эльвира Тұрсынбекқызы
Еуразия ұлттық университеті 4-курс
студенті Ғылыми жетекші – Қилыбаева Б.Қ.

Әзінің геополитикалық орналасуымен, табиғи байлықтың көптігімен, көп миллионды арзан кінші болуымен әлемдік державалардың назарын аударған Һндістан мен Пәкістан елдері ядролық қаруды иемденгелі Оңтнстік Азиядағы жағдайды кнрт өзгертті.

XX ғасырдың ортасында Һндістанның тәуелсіздік алуы және оның мұсылман бәлігінің Пәкістан мемлекетін құру ншін бәлініп кетуі бұл екі ел арасында шешусіз дау тудырды. Қақтығыстың басты себебі шешілмеген жер дауы, яғни мұсылмандық Кашмир, Джамму князьдықтарының аумағы.

Бұл қақтығыстың тарихи негізі ретінде бнгінгі кнге дейін шешуші роль атқарып келе жатқан конфессиялық қарама-қайшылықтарды атауға болады. Осылай, 1940 жылы тәуелсіздікке дейін 7 жыл қалғанда Британдық Һндістанның Мұсылман Лигасы Һндістанды екі тәуелсіз мемлекетке-нндістік және мұсылмандыққа бәлуді ресми түрде ұсынған[6.13 б]. 1947 жылы екі мемлекеттің құрылуы өзара ынтымақтастықпен жасалды. Алайда бұл жағдай екі ел арасындағы территориялық дауды ұшықтырудың алдында тұрды.

Жанадан пайда болған тәуелсіз мемлекеттер арасындағы бірінші қарама-қайшылық Ғлыбританияның өте нлкен отарын бәлу, конфессияаралық негізде елдердің шекараларын белгілеу кезінде пайда болды. Мемлекеттердің шекараларын ажырату кезінде Һндістанның конфессиялық топтарын бәлу жннндегі қауымдық келісімдер бұзылды. Осының салдары ретінде мұсылмандық халықпен тұтас қоныстанған провинциялар Һндістанның қысымымен жанадан құрылған тәуелсіз Һндістан Республикасының құрамында қалып қойды. Пәкістанның Һндістанға территориялық жеңілдіктер көрсетуге қызығушылығының болмауы екі ел арасында ұзақ уақытылы шиеленіс пен халықтардың өзара қарама-қайшылығын тудырды. Қақтығыстың базисі ретінде Кашмир мәселесін айтамыз. Осы Кашмир дауы шешілсе, екі ел арасындағы көпжылдық қайшылықтар да жойылатын еді. Десек те, бұл қақтығыс, Кашмир аймағын айтпағанда, ннді қоғамының дінаралық аспектілерін де қамтыды. Осы жағдайда, Һндістан мен Пәкістан қатынастарының реттелуі екіталай құбылыс. Шиеленістің тамыры тым тереңге кеткені екі елдің ендігі кезекте бірін-бірі жау ретінде санап, бір-біріне тәтеп берудің амалын іздеуден кәрінді. Енді ғана тәуелсіздікке қолы жеткен екі ел жанталаса әлеуметтік, экономикалық артта қалушылығын жойып, біртіндеп қарулану жарысына кірісті.

Бнгінгі таңда Һндістан мен Пәкістан Оңтнстік Азия аймағындағы негізгі акторлар екені анық, Біріншіден, екі аймақтық державаның тез әсіп келе жатқан халқының саны (Һндістан халқының саны миллиардтан асты, Пәкістан халқы шамамен 150млн. адам). Сонымен қатар, әскери салаға бәлінетін қаражаттың нлкен кәлемде болуы. Соңғы бірнеше онжылдықта екі елде де экономикалық және әлеуметтік әсімді, әскерді ұстауға және техникалық қаруландыруды жаңартуға көп қаржы жұмсалғанын байқауға болады.

Екінші Днниежнзілік соғыстан кейін алып державалардың жаппай ядролық қаруды иелену ұмтылысы болды. Ядролық қару соғыс жағдайында таптырмас қару еді. Жанадан құрылған елдер мұны тнсінесе де, сол уақытта мұндай қарулану процесіне ілесе алмады. Бұрынғы Британдық отарлар өзара шиеленіс аумағында атап айтатын нш ірі соғыс жнргізді. Әлемнің дамуы мен әркендеуі сезілген сайын әлсіз елдің кншті ел құрсауында кететіні байқала бастады. Сонымен қатар, аймақтық басымдылық, аймақтық держава болу маңыздылығы артты. Екі ел де әзінің ядролық қаруды иемденуге деген қызығушылығын жасырмады. Ол қаруды жасау, атом энергетикасын дамыту амалдарын жасады. Әлемдік

ядролық мемлекеттер бұл жағдайды білсе де, нақты көрсеткіш болмағандықтан, бұл мәселеге баса назар аудармады.

1998 жылдың мамыры Оңтүстік Азия үшін ғана емес, сонымен қатар бәрінен өзіне әлем үшін маңызды кезең болды. 11 және 13 мамырда Һндістан, 28 және 31 мамырда Пәкістан ядролық сынақтардың сериясын жасап, өздерінің ядролық қарумен иемденгенін және ядролық бағдарламаларын аяғына дейін дамытатынын дәлелдеді[2]. Демек, осы кезеңнен бастап, оңтүстік азиялық қақтығыс Һндістан мен Пәкістан арасындағы жай ғана қарулану жарысының енді ядролық сипат алғаны анық еді. Бұл аймақтық ядролық конфронтацияның әлемдегі екінші ошағы еді.

Оңтүстік Азиядағы кіншітер балансын қарастырған кезде, ядролық қаруды иемденген Һндістан мен Пәкістан елдерінің халықаралық статусы жайлы мәселеге тоқтамай кетуге мүмкін емес.

Мәселе бұл екі «жаңа ядролық державалар» халықаралық құқық негізінде мұндай статусқа ие бола алмайды. «Ядролық қаруы бар держава» деген терминді ядролық қаруды таратпау шартына (ЯҚТШ) сәйкес, осы келісім 1967 жылы қол қоюға ұсынылғанға дейін ядролық сынақ өткізген елдерге ғана қатысты пайдаланыла алады. Сондықтан, Нью-Дели мен Исламабад осы мәртебеге талаптануы мүмкін емес[2].

Егер бұл келісімді(ЯҚТШ) қайта қарастырып, Пәкістан мен Һндістанды ядролық держава деп танысақ, бұл әрекет осы келісімнің кіншіні жойып, оған негізделген қазіргі уақыттағы ядролық қаруды таратпау жүйесі құлайды. Келісімнің күрт өзгеруі әлемдік жағдайды қайта анықтай бастайды. Яғни, осы келісімге қол қоймаған елдер, өзінің ядролық инфрақұрылымын МАГАТЭ ұйымымен кепілдемеген және әскери ядролық бағдарламаларын жүзеге сәтті асырған елдер осы келісімді ұстанатын әлемдік қауымдастық тарапынан жазасыз қалып қана қоймай, белгілі бір кәлемде саяси басымдылыққа ие болады.

Өз заманында ядролық қаруды таратпау шартына (ЯҚТШ) қол қойып, өз еркімен әскери ядролық қарудан бас тартқан елдердің(ОАР, Бразилия, Аргентина) кері әрекетін ескере кетуге керек. Бұл елдер өзінің осы облыстағы саясатын қайта қарастыруына алып келуі мүмкін. Бұл өз кезегінде ядролық қаруды иемденуші елдер толқынын тудыруы мүмкін. Ядролық қаруды таратпау жүйесінің құлауы осы қарудың қолжетімді болуы кезінде әлемнің кез-келген елі мен ресми ядролық державалар үшін жағымсыз әсер етуі мүмкін. Сондықтан, Нью-Дели мен Исламабад елдерінің ядролық қаруды иемденгені анық болса да, әлемдік қауым оларды осы салада заңды түрде мойындауға асығатын емес.

Алайда, бұл мәселе уақыт өткен сайын шиеленісіп бара жатыр. Оңтүстік азиялық жаңа ядролық державаларды ресми мойындау орынсыз құбылыс болатыны анық, бірақ олардың әскери ядролық әлеуетін ескермеу де мүмкін емес. Себебі, екі ел де ядролық емес елдер ретінде қаруды таратпау жөніндегі келісімге(ЯҚТШ) қосылу ұсыныстарын қабыл алмай отыр.

Осы негізде Пәкістанның сыртқы істер министрлігінің ресми әкілі Абдул Басит «Пәкістан өзінің ЯҚТШ келісіміне байланысты ұстанымын өзгертті»- деген еді, яғни егер Һндістан осы келісімге ядросыз ел ретінде қол қойса, Исламабад елі де қосылар еді. «Егер Һндістан келісімге қол қойса, бір кездері біз де осы келісімге қол қоюға әзір едік... Бұл - біздің ұстанымымыз, бірақ ол уақытылы орындалмады». Пәкістанның 1967 жылы ЯҚТШ кіншіне енген кезден бастап осы кезқараста болғанын атап кеткен жән. Исламабад өзінің осы ұстанымын 1998 жылы болған екі елдің ядролық сынақтар өткізгенінен кейін де өзгертпеген. Сонымен қатар, Исламабад Һндістанның ядролық сынақтарға жаппай тыйым шартына(ЯСЖТШ) қосылатын жағдайда, ол да қол қояды деп жариялаған. Бүгінгі таңдағы Һндістанның ЯҚТШ келісімі жайлы ұстанымына тоқтасақ, ол ЯҚТШ келісіміне ядросыз ел ретінде кіруге келіспейтінін айтқан. Бұл мәселе Нью-Делидің жаңа ядролық сынақ өткізбеу және бірінші болып ядролық қаруды пайдаланбау жауапкершілігін мойындаған кезінде де өзгертусіз қалды. Һнділік премьер-министр М. Сингхтың 2009 жылдың 29 шілдесінде Һндістан парламентінде сөйлеген сөзінен келтірсем, «Һндістанның ЯҚТШға ядросыз ел

ретінде кіруі жайлы мәселе жоқ. Ядролық қару Үндістанның Ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі және осы ролінде қалады», - деген[3].

Пәкістанның ЯҚТШ жайлы көзқарасына оралсақ, Абдул Басит та өз сөзінде Исламабадтың бұл келісімге тек танылған ядролы мемлекет ретінде ғана қол қоятынын мәлімдеген. Яғни, бұл мәселе осы Шартқа өзгерістер енгізілген кезде ғана қарастырылады. Пәкістан бұл келісім ядролық клубтың мүшелері, бес алып державалардың ядролық саладағы мүмкіндіктерін шектейді деген.

Үндістан мен Пәкістанның «нүлкен ядролық ойынды» жасауының негізінде бірнеше өзара байланысты стратегиялық және тактикалық мақсаттары жатыр. 1998 жылы өткізген ядролық сынақ жасаудың себебі ретінде Нью-Дели мен Исламабад бірегей Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігін атап көрсетті. Осындай әрекеті арқылы өздерінің ықтимал қарсыластарына шектеу қоятын тиімді амал жасауды ойлануда. Үндістер бұл жағдайда бірінші қарсылас ретінде Қытай елін көрсе, пәкістандықтар Үндістанды көреді [1.16 б].

1962 жылғы Гималай соғысы Нью-Делидің әскери және ядролық саладағы белсенділігін айқындады. Қытай Халық Республикасының агрессиясының мүмкіндігі Үндістанның әскери потенциалын өсіруде күшті стимул болды.

Сыртқы саясатты жоспарлауда Үндістан өзімен көршілес дәстүрлі қарсылас ел Пәкістанды да ескеру керек еді. Сонымен қатар, қытай-пәкістандық жақындық факторы да ықтималды қауіпті тудыратын болды.

Өз кезегінде Пәкістанның ядролық қызығушылығы Үндістанды бірінші қарсылас деп қабылдауынан туып отыр. Бұл көзқарастың негізі бар. 1947 жылы Британдық Үндістан бөлінгеннен кейін Пәкістан мен Үндістанның аймақтық бәсекелестігі нәш рет толық қанды соғысқа алып келген (1947-48, 1965 және 1971жж). Егер Нью-Дели нәшін «қытай синдромының» маңызы зор болса, Исламабад нәшін 1965 жылы Үндістанмен қақтығыста жеңілгеннен кейін пайда болған «нәнділік синдром» маңыздырақ[4.42 б]. Үндістанмен 1971 жылы болған соғыста Пәкістанның бір бөлігі (шығыс Бенгалия) бөлініп, Бангладеш мемлекеті болып құрылды. Осы жағдай пәкістандық басшылардың ядролық әлеуетін дамытуға саяси шешім қабылдауының себебі болды. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құмтылысы Үндістан мен Пәкістанның ядролық таңдауының жалғыз себебі емес. Нью-Дели мен Исламабад нәшін ядролық қару басқа стратегиялық мақсатқа жол ашады, яғни халықаралық аренада лайықты орын алу болып табылады. Нәнділік және Пәкістандық элиталар арасында «ядролық қаруды иемдену-құлы державаның ерекше белгісі» деген тәңсінік қалыптасқан. Бұл ағым БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі тұрақты бес мүше-мемлекеті ядролық қарумен иемденуіне негізделген.

Нью-Дели мен Исламабадтың ядролық саладағы белсенділігі олардың экспансиялық-ұлтшылдық сипаттағы сыртқы саяси құстанымдарына тікелей байланысты. Осы орайда Пәкістан мұсылман әлемі қызығушылығының «ракеталық-ядролық гаранты» болуға құмтылуда.

Премьер-министр З.А. Бхутто «христиан, еврей және нәндіс әркениеттері, коммунистік державалар осы әлеуетке ие, ал ислам әркениеті әлі иемдене алмай отыр, алайда бұл тек уақыт мәселесі» деген. [4.40 б] Сонымен қатар, Пәкістанның ракеталы-ядролық бағдарламасын жәзеге асыруы елдің қоғамдық-саяси құрылымына да байланысты. Исламабадта мемлекеттіліктің негізі-әскер, нәкімет қағаз жәзінде азаматтық болса да, міндетті түрде әскерилер ойы ескеріледі.

1998 жылғы сынақтан кейін екі жақтың ядролық қарудың қауіпсіздік пен стратегиялық тұрақтылық мәселесіндегі жағымды ролі жайлы пікірлерінің теріс екені айқындалды. Аймақтық бейбітшіліктің тұрақсыз екенін Каргилдағы нәнді – пәкістандық қарулы қақтығысы дәлелдеді. Каргил қақтығысы қарқынды жәнді, ауыр қару-жарақ пен

авиация қолданылды.¹ Шиеленістің ядролық мемлекеттердің толық масштабты соғысына айналмас үшін салмақты бітімгерлік кнш (Б. Клинтон әкімшілігі) қолданылды [5.585 б]. 1999 жылғы жағдайлар бойынша келесі қорытынды жасауға болады: біріншіден, Һнді-пәкістан қарым-қатынасының бәсеңдеу кезеңдері аяқ асты майдандасуға ауысуы мүмкін. Каргил қақтығысы Һнді премьер-министрі А.В. Ваджапайдың Пәкістанға сапарынан кейін және 1999 жылдың ақпанында атақты Лахор декларациясына қол қойылғаннан кейін Һш ай мерзімнен соң орын алды. Екіншіден, жаппай жою қаруын иелену ықтимал қарсыласты шектеу дегенді білдірмейді, және ядролық елдер арасындағы аймақтық әскери қақтығыстардың болуын жоққа шығармайды.

Оңтүстік Азия әлі де тұрақсыз, әлемдік қауіпті аймақ болып отыр. Осы аймақтан шығып отырған халықаралық қауіпсіздікке тәнген қауіптің маңыздылығы әлемдік қауымдастықты біріктіре алмады. Ол Һндістан мен Пәкістанға қатысты тиімді, нәйлескен шара қолдануға дәрменсіз болды. Енді қанша кнш салғанымен, Нью-Дели мен Исламабадты «ядролыққа дейінгі» кезеңге қайтару мүмкін емес. Алайда Оңтүстік Азия субконтинентіндегі нуклеризация нрдісін белгілі бір арнаға енгізіп, оны бәсеңдету әрекеті әлі де орындалатын әрі қол жетімді кәрінеді.

Әдебиеттер

1. Д. Ганич. «Большая ядерная игра» в Южной Азии. Азия и Африка сегодня, М.: 2007, № 5
2. Илин А.А. Ядерные программы Индии и Пакистана// <http://www.armscontrol.ru/course/>
3. Сотников В.И. Пакистан и ядерное нераспространение: готов ли Исламабад подписать ДНЯО?-Институт ближнего Востока/ <http://www.iimes.ru/rus/stat/2010/27-02-10c.htm>
4. Сотников В.И. Ядерная проблема в индийско-пакистанских отношениях(вторая половина XX - начало XXI века). Монография №1. – М.: Научная книга, 2003
5. Богатуров А.Д. Сист.ист.межд. отн., 2 том, М.: Культурная революция, 2006
6. Рахимов Р. Проблемы обеспечения безопасности в южноазиатском регионе. Евразийское сообщество, Алматы: 2003, №1